

суреттей отырып, халық өздерінің ертегі-әңгімелерінде, жырларында сөз ететін жағымды образдағы кейіпкерлердің бейнесін арттыра түседі” [5, 108]

Анығында Бекторы керемет мықты жауыздықтың бейнесі. Одан ертегідені Шойынқұлақ та, Мыстан да құрақ ұшып, қорқатынын байқаймыз. Оларды амал-айласы күшті Бекторы пайдаланып бағады. Соншалықты күшті болса да, мақсатына жете алмайды. Бұл әділдік пен әділетсіздіктің арасындағы тай-таласта Ер Төстік пен Кенжекейлер жеңісті болып шығады. Бұл күрес ертеде ертегілерде бейнеленсе, бүгінде жауыздық жолында күресіп жүргендер мүлде жоғалып кеткен жоқ.

Жауыздық пен Жақсылық арасында күрес жүріп жатыр. Жеңіс кімде екенін өмір көрсетуде. Өмір сонымен қызықты шығар....

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М., Ысмайлов Е. Қазақ ертегілері. 3 томдық. - Алматы: қазқорәдеб. бас., 1957. 1 т. 257б
2. Қасқабасов С. Жаназық. - Астана: Аударма, 2002. 584б
3. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. - Алматы: мектеп, 1974. - 320б
4. Марғұлан Ә. Қорқыт ата өмірі мен аңсаналары. - Жұлдыз. 1983. /3
5. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. - Алматы-Мектеп, 1974. - Б. - 109.

#### Серікбай Жұлдызай Бақытқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс студенті  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[serikbayjuldizay@gmail.com](mailto:serikbayjuldizay@gmail.com)

*Ғылыми жетекшіі:  
Такиров С.У., ф.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор*

#### МИСТИК ЖАЗУШЫ - ҚОЙШЫБЕК МҮБӘРӘК

Мистика деген не? Мистика (гр. *mystikos* – құпиялы) – дүниеге діни - идеалистік көзқарас. Оның негізінде табиғаттан тыс күштерге сенім жатыр. Мистика - оқырманның жүйкесін асықпай қытықтайтын жанр. Бұл жанрда реализмнің өзі мистикалық тұрғыда бейнеленеді. Ал мистиканың негізгі құралы - үрей, логикаға бағынбайтын тылсым күштер. Оның құрамдас бөліктері – оғаш оқиғалар мен түсініксіз құбылыстар, басқа дүниенің белгілері мен күтпеген жерден пайда болатын салқынқанды тіршілік иелері болып табылады. Мистика – ежелгі грек философтары Платон, Сократ, Герместердің эллинистік мұраларында кездесетін байырғы ұғымдар қатарына кіреді. «Мистика» ұғымы теологтар мен философтардың еңбектерінде адамның мистикалық құбылыс деп санайтын нәрсемен байланысу тәсілі және әрқилы діни-философиялық ілімдер ретінде көрсетіледі. Бұл жайлы зерттеуші М.И. Шахнович: «Мистика» – табиғаттан тыс күштердің бар екендігіне сену және әртүрлі магиялық тылсым әдістер арқылы олармен тікелей байланысқа түсуге болатын діни-идеологиялық сенім көрінісі» - дей отырып, мистиканың мынадай түрлерін алға тартады: табиғат пен қоғамның құпия жағдайда пайда болып, мұғжизалы оқиғаларды (адамдардың өмірінде орын алатын тосын оқиғаларды) тағдырдың жазуы деп түсіну. Ал осы мистикамен ұғымдас мистицизм жайлы ислам философы Бекташ-и Вели «Китаб аль-Фаваид» атты еңбегінде: «Мистицизм – сана мен ойынды бос ұстап, барынды тылсымдылыққа жұмсау». - деп көрсетеді. Мистикадағы басты кейіпкер - қорқыныш. Тек кейіпкердің қорқынышы ғана емес, оқырманның да қорқынышы. Қорқынышты көріністі шынайы жазу үшін қорқыныштың адамға қалай әсер ететінін түсіну керек. Қорқынышты бірденені алдын ала сезбестен, белгісіз және қорқынышты қауіпті сезінбестен, сіз өзіңізді әдеттегі тәсілдермен жасыра алмайсыз немесе қорғай алмайсыз (сол нәжіспен немесе тапаншамен), мистикалық құбылыс жай ғана

қоршаған ортаның элементі болады, бірақ мүлде қорқынышты емес. Жалпы әр көріністе - кейіпкер мен оның ақыл-ойы үшін, кейіпкерлердің өмірі үшін жазушы қорқу керек екені айтылады. Әрине, өзіңіз жазған нәрседен қорқыңыз, өйткені ең сенімді қорқыныш - бұл сіз өз басыңыздан өткен және сезінген қорқыныш. Сол кезде ғана жазған туындыларыңызның оқырмандарға қалай әсер ететіндігін көресіз [1; 3].

Ал осында мен қозғағалы отырған мақаламның жұлдызы - Қойшыбек Мүбәрәктің туындыларына еш шүбә жоқ. Өйткені жазушы өз шығармаларының басынан өткендігін, өмірден алып отырғанын атап айтады. Олай болса, өмірі мистикаға шиеленіскен, тек мистиканы жазуға әуестенетін жазушы өміріне тоқтала кетейін. Қойшыбек Мүбәрәк 1976 жылы 20 қазанда ҚХР Шығыс Түркістанның Алтай аймағы, Шіңгіл ауданында дүниеге келген. Қытайдың Радио-телевидение университетін бітірген. 2000 жылы Атамекенге қоныс аударып, Қазақстан Республикасындағы мерзімді басылымдар мен баспа орындарында дизайнер, редактор т.с.с. жұмыстар атқарған. «Ағайын», «Қазақ темір жолы», «Қазақ тарихы», «Шапағат-Нұр», «Иман», «Көгершін», «Астана» журналдарында, «Қазақ энциклопедиясы», «Үш Қиян», «Тел арна», «Полиянт» т.б. баспаларда дизайнер көркемдеуші редакторлық жұмысын, «Үн» журналының бас редакторы, «Кентавр» газетінің жауапты хатшысы, бас редактордың міндетін атқарушы болып жұмыс жасаған. Қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультеті Баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының оқытушысы. «The Қазақ Times» ақпараттық, қоғамдық-саяси порталының бас редакторы болып жұмыс істейді. Жалпы Қойшыбек Мүбәрәк әдебиет әлеміне келген сәттен бері мистикалық шығарма жазумен айналысады. Қазақ әдебиетіндегі мистикалық туынды саналатын басқа шығармалардың көбінде мистикалық белгілер немесе элементтер басым болса, Қ. Мүбәрәк тек мистикалық туынды жазумен әуестенеді. Осы уақытқа дейін автордың тек мистикалық әңгімелер мен хикаяттардан тұратын «От ару» (2009), «Жат құшақ» (2012), «Айдың соңғы сәрсенбісі» (2018) үш кітабы жарық көрген [2].

Олай болса «От ару» әңгімесіне келер болсақ, ондағы автордың әңгімені кейіпкердің отқа әуестігі мен отты іздеуінен бастауы, оқырманды өзіне тартады. Әрі қарай адам нанымсыз, тіпті түсініксіз мистиканың өрбуін көреміз. Бас кейіпкер көзіне көрініп, есін аулап жүрген қиялындағы от аруды іздейді. Тіпті ол үшін жалындаған отқа түсуге бар. Отты іздеп келіп, жанып кеткен от орны күл үстіне жатып, қалғып арман болған от аруды жолықтырады. Оның есі кеткені сонша ол дәмсіз, күнде кешке келіп жүреді. Әңгіме мистика болғандықтан, ондағы от, ала арқан, сармойнақ пышақ, жігіттің баратын жерінің Кеңмойнақ аталуы, мұның бәрі бір-бірімен байланысты. Жігіт шалды кезіктіргенде егер оған оттың қайда жанатынын айтса, ала арқан беретінін айтады. Ал шалға бұл арқан не үшін керек болды? Жігіт оған ала арқан керек екенін қайдан біледі? От ару алғаш жігітке « - Иә, одан бері қай заман. Жердің өзі жетіге бөлініп кетпеді ме...» - деп айтуы мұның бәрі өз алдына бір жұмбақ. Шалдың айтуымен жігіт үйіндегі бұрыннан келе жатқан сармойнақ пышақты сандықтан асыға алып келіп, отқа лақтырып, «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді демекші» артынан өзі отқа түсіп, күлге айналып, таңда от орнында сармойнақ пышақ қалады. Осылай әңгіме түсініксіз аяқталады. Жалпы автор өз сұхбатында бұлай әңгімелерінің қысқа қайыру себебін былай түсіндіреді:

– Айтарыңды айта алсаң бет толтыру үшін ары қарай қара сөзден қуырдақ қуыра беріп не керек? Өзімнің де, елдің де босқа уақытын алғаннан не ұтам. Өз айтарымды айтып болған жерден шығармамды аяқтауды құп көрем – дейді. Жақсы! Олай болса мен мұндағы от, пышақ, қызға тоқталып өтетін болсам, біздің ата-бабамыз отқа табынып, оттың, судың, табиғаттың перісі болады деп сенген. Мұның өзіне қазіргі таңда біреу сенер, біреу сенбес. Бірақ қазақта «Отпен ойнама, күлді баспа, жаман жермен жүрме, кешке судың алдына барма» - сынды тыйым сөздерді тыңдап, оны жасамауға тырысамыз. Ал ондағы сармойнақ пышақ Алтай-Қобда қазақтарында ғана кездесетін, бәкі болып табылады. Кейбір жерлерде оны бұйдапышақ деп те атайды екен. Бұл пышақтың да өз алдына киелілігі бар. Жалпы әңгіме

мистикаға негізделгесін, мұндағы жігіттің әрекетіне, оттың аруына бірдеңе деп түйін шығару қиынырақ... [3; 256].

Ал келесі мистика «Жат құшақ» атты әңгіме. Бұл да өз алдына бір қияли дүние. Қ.Мүбәрәк келесі бір сұхбатында өз жазғандарына өзінің сенетінін айтқан екен. Тіпті кейбір әңгімелері басынан өткен оқиға болуы да әбден мүмкін. Жат құшақ. «Жат» деген сөздің өзі бөтен, алыс деген ұғымды білдіретіні мәлім. Бұл әңгімеде де басты кейіпкердің елестің құрбаны болғанын көреміз. Жігіттің біршама уақыт адамзатпен емес жат бір құбылыспен уақыт өткізіп, жат құбылыстың құшағында өткізген уақыттары тақырыпқа негіз бола алады. Әңгімеде жігіт басында ол елестен қорқып, бақсы көмегіне жүгінеді. Алайда бақсы айтарлықтай көмек бермей, сол елестің айтқанын жаса дейді. Сөйтіп жүріп, елеске жігіттің есі кетеді. Көзбен көрмей, тек сезіну арқылы, өзін елеске тапсырады. Бақсыға жігіт келгенде, жігітпен бірге жүрген елеске «Жігіттің бір жейдесін алып өртеп жібер, сонда ғана сен оның көзіне көріне аласың» - дейді. Елес неге мұны жасамады? Елес қалай адамзатты дүниеге әкелді? Неге жарықты қоспауын өтінді? Жігіт неге жарықты бала дүниеге келгенде қосты? Елестінде жігітке есі кеткені ме? Қияли әңгіме болғандықтан, сұрақтарға жауаптың бірі бар, бірі жоқ. Келесі бір аяқсыз әңгіме... Енді жігіт ана баламен қайтпек? Арадағы махаббат не болды? Ал бұлар маған қызық сұрақтар. Бірақ жігіттің елес қызды көрмей, кім екенін білмей, ғашық болуы тартымдырақ көрінеді. Өйткені жігіт елестің елестілігіне, ішкі дүниесіне есі кетеді. Жалпы мистика адамның ішкі жан дүниесінің арғы текпен байланысын тануға итермелейтін болғандықтан, тіпті біздің айтып жүрген ген, тек, ДНҚ-ның барлығының кодын табатын культты тануға, табуға жетелейтіні анық. Елестің ерекшелігі де сонда болуы мүмкін. Сонымен «Жат құшақтағы» жат өмір қысқа ғана қайырылды... [3; 217].

«Айдың соңғы сәрсенбісі». Былай алып қарағанда, сәрсенбі сәтті күннің негізі. Адамдар жол жүретін кезде немесе бір жұмысты бастар кезде не бір іс-шараны жүзеге асырарда, көбінесе осы күнге жоспарлайды. Әлі күнге дейін сәрсенбінің құдіреті біз үшін өшпеген. Ал мен сөз етейін деп отырған әңгімеде айдың соңғы сәрсенбісі кейіпкерлерге сор болып жабысады. Шығарма негізгі кейіпкердің үйінен әжесін тыңдамай зар жылатып шығып, жол бойында көлігінде демалып жатқанын көреміз. Кенет аққубадан келген қызды жолықтырып, аман қалу үшін мұра болып қалған тұмарды шешіп беруі, қауіптің сейілгенін аңғартқанмен оқиға бірден өткенге оралып, Жалғастың сонау аталарынан бері сәрсенбі бәлесінен арыла алмағанын есіне салады. Жалғастың атасы өз заманында жол жүріп бара жатып, түйіншек тауып алып, мұның бәлесінен соншалықты қасірет шегетінін ойламап еді. Жалғастың атасы мен әжесі Айнамкөзге сол замандағы беліне ала жіп ораған шал, түйіншектің бәлесі құбыжықтан құтылуға көмектеседі. Айнамкөз бен жігітке беліндегі ала арқанын беріп, тарқату керек екенін айтады. Жағдай оңалып келе жатқанда атасының түсіне сол құбыжық кіріп, мазасын ала бастайды. Атасы әлі туылмаған баласы яғни Жалғастың әкесінің амандығы үшін, құбыжық айтқандай жіпті өртеп, өзін құрбан етеді. Сонда жаңағы шал екі бойтұмар жасап бірін әжесі Айнамкөзге, екіншісін баласы Жанысқа тағу керек екенін айтады. Бұл жағдай дәл айдың соңғы сәрсенбісінде орын алып, мұндай қасіреттің жалғаса беретіні ешкімнің ойына кіріп шықпаған-ды. Жалғастың ата-аналары да айдың соңғы сәрсенбісінде көз жұмды. Айнамкөз Жасынды қанша қорғауға тырысқанмен тағдырға шара бар ма? Мұндай бәлекеттердің орын алуы сонау аталарының түйіншек жырында белгілі еді. Айнамкөзде жалғыз Жалғас қалғанда ағасы келіп, Саяны сүйеніш етіп беріп кетеді. Бала Жалғасты айналшықтап жүрген елесті Айнамкөз өз бойтұмарын лақтырып, аман алып қалады. Осы киелі бойтұмарды әкесі тақпай кеткеннен қаза болған жоқ па? Елес бәрібір ораларын айтып, міне бүгінде көлік зуылдататын жасқа келген шағында, Жалғасқа жолығып отыр. Жалғастағы бойтұмар ол жалғыз қалған қорғаушы күш, мұра болатын. Мұздап бара жатқасын Жалғас бойтұмарды елеске бере қалғанда, әжесінің ағашқа асылып қалуы жәй ғана кездейсоқ емес. Ең негізгісі бұл жағдайда сол айдың соңғы сәрсенбісінде орын алғанын автор жеткізіп әңгіме тақырыбын, әлі жалғасын табатын қасіретті айта отырып, әңгімені

аяқтайды. Қанша талпынса да Айнамкөз апа өз күйеуін, баласын құтқара алмай, немересі де білгенін істеп жатқанда тағдырға қарсы келе алмайтынын біліп, өмірден баз кешіп өз-өзіне қол жұмсауы бір жағынан түсініксіз, оқырманға ауыр. Ал мен мұны өзі де, немересі де қорғансыз яғни бойтұмарсыз қалғанда Айнамкөз немересін сақтап қалуы үшін, өзін құрбан етті деп түсінемін. Тіпті Жалғастың өзі бірдеңені сезгендей, әжесіне жетіп келуі де текке емес-ті. Әңгіме осылай аяқталды. Қ.Мүбәрәк түйіншекті тауып алған шалдың қарғысқа ұшырауын өмірде болған оқиға екенін айтқан екен. Одан бөлек үлкенді тыңдамай, қарғысты келеке етуі жақсылыққа апармағанын көргеніміздей, аңыз болған Төлегенде теріс бата алып, оңбай кетіп еді. Өмірде тылсым күштер, сайтан, қарғыстар жоқ демеямін. Барлығы өз алдына бір жұмбақ. Алайда үлкендердің тыйымдарын елеп, дұрыс жолда жүру керек екендігіне шығарма мысал бола алады деп ойлаймын. Мейлі бұл мистика, мейлі қияли дүние болсын бәрібір бір өмірді сабақ етеді [3; 9].

Әдебиетімізге көз жүгіртіп, Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», «Талтүс» және А.Алтайдың «Туажат» немесе «Тамұққа түскен сәуле» атты постмодернистік, тарихи-мифомистикалық көркем туындыларды кездестірген болатынымын. Түйгенім, мистикалық бағытта шығарма жазу үшін мифке байлана отырып, тек сананың түкпіріндегі түйсікке сүйенуің керек. Адамның ақыл-ойының ең биігін тек түйсік арқылы ғана таба алады екенсің. Бізде «аңыз-ертегі тек балалар үшін ғана керек» деген жаңсақ ұғым қалыптасқан. Кез келген аңыз-ертегі адамның жасының өсуіне қарай жаңа ой салып отырады – деген Қойшыбек Мүбәрәк сөзімен мақаламды қорытындылағым келеді. Жазушыға қарапайым оқырмандар тарапынан ғана емес, өз ортасынан да сыни пікірлер әжептәуір айтылған екен. Жазушы өз қаламына сүйенгендіктен мұны елер ме? Бір жағынан осынша мистикалық оқиғалар, қияли жайттар тектен-текке емес, ақын бастан кешірген дүниелер. Қазіргі жазушылардың бәрі бүгінгі өмірді жазып жүрген соң, Қойшыбек Мүбәрәктің осы өмірді мистиктік көзімен көрсеткісі келетіні қазақ әдебиетіндегі жаңалық деп айтар едім.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/3454/2785/7142>

2.

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D0%B9%D1%88%D1%8B%D0%B1%D0%B5%D0%BA\\_%D0%9C%D2%AF%D0%B1%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BA](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D0%B9%D1%88%D1%8B%D0%B1%D0%B5%D0%BA_%D0%9C%D2%AF%D0%B1%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BA)

3. Қ.Мүбәрәк. Жат құшақ мистикалық хикаяттар мен әңгімелер.- Алматы, 2012. - 272 б.

#### Елтаева Айымгүл Ермекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының

1-курс магистранты

"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

#### ОЧЕРКТИҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада идеялы мазмұн оқырманға типтендіру көркем құралдары: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік характеристика, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. сияқты көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель, аналогия қарастырылған.

**Тірек сөздер:** очерк, типтік характер, шығарма, шығарма, сюжет, пейзаж, портрет.

Очерктің идеясын бейнемен үйлестіру, түрлі «мәліметтерді» шеберлікпен қолдану шешілмейтін нәрсе емес. Мұны шеберлерден үйрену шарт. Идеялы мазмұн оқырманға типтендіру көркем құралдары: бейнелілік, бөлшек, портрет, тілдік характеристика, пейзаж, жеке көзқарас, сюжет т.б. сияқты көркем публицистикалық шығармаларға тән жинақтауды пайдалану арқылы саралау мен пайымдау, дәлелдемелер, сан, цитата, тарихи параллель,